



"Занды тұлғалардың, филиалдар мен өкілдіктердің атауын өзектендіру (түзету)" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2023 жылғы 10 қазандағы № 726 бұйрығы
. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 18 қазанда № 33555
бояш тіркелді

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10
-бабы 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес "Занды тұлғалардың, филиалдар мен
өкілдіктердің атауын өзектендіру (түзету)" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары
бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және заң қызметін
ұйымдастыру департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген
тәртіппен:

- 1) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуді;
- 2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ресми
интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан
Республикасының Әділет вице-министріне жүктелсін.
4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн
өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Әділет министрі

A. Ескараев

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар және
аэрофарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасы
Әділет министрі
2023 жылғы 10 қазандағы
№ 726 Бұйрығымен
бекітілген

"Занды тұлғалардың, филиалдар мен өкілдіктердің атауын өзектендіру (түзету)"
мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Занды тұлғалардың, филиалдар мен өкілдіктердің атауын өзектендіру (түзету)" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Занға (бұдан әрі – Зан) сәйкес өзірленді және "Занды тұлғалардың, филиалдар мен өкілдіктердің атауын өзектендіру (түзету)" мемлекеттік қызметін көрсету (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) тәртібін айқындайды.

2. Занды тұлғалардың, филиалдар мен өкілдіктердің атауын өзектендіру (түзету) – "Занды тұлғалар" Мемлекеттік дерекқорына (бұдан әрі – ЗТ МДК) өтініштен занды тұлғалардың, филиалдар мен өкілдіктердің атауына өзгертілген мәліметтерді енгізуі арқылы жүзеге асырылады.

3. Занды тұлғаның, филиал мен өкілдіктің атауын өзектендіру (түзету) – занды тұлғаның, филиал мен өкілдіктің атауында қате жіберілген жағдайда жүзеге асырылады

4. Коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын занды тұлғаларға, филиалдар мен өкілдіктерге қатысты мемлекеттік қызметті Әділет министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) және аумақтық әділет органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші). "Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) мемлекеттік қызметті коммерциялық ұйымдар болып табылатын занды тұлғаларға, филиалдар мен өкілдіктерге (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) қатысты көрсетеді.

5. Республикалық және өнірлік мәртебесі бар қоғамдық және діни бірлестіктердің, оның ішінде саяси партиялардың, Республикалық нотариаттық палатаның, Республикалық адвокаттар алқасының, Жеке сот орындаушыларының республикалық палатасының, Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының, Қазақстан Республикасының Сот сарапшылары палатасының, Қазақстанның Төрелік палатасының, Республикалық Заң консультанттары алқасының, шетелдік және халықаралық коммерциялық емес үкіметтік емес бірлестіктердің филиалдары мен өкілдіктерінің атауын өзектендіруді (түзетуді) Министрлік жүзеге асырады.

6. Құрылған, қайта ұйымдастырылған занды тұлғалардың және олардың филиалдар мен өкілдіктердің, жергілікті мәртебесі бар қоғамдық және діни бірлестіктердің, занды тұлғалардың қорлары мен бірлестіктерінің атауын өзектендіруді (түзетуді) аумақтық әділет органдары жүзеге асырады.

7. Коммерциялық ұйымдарға жататын занды тұлғалардың, олардың филиалдары мен өкілдіктерінің атауын өзектендіруді (түзетуді) Мемлекеттік корпорацияның филиалдары жүзеге асырады.

8. Көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидалардың қабылданғаны туралы ақпаратты өтініштерді қабылдауды және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беруді жүзеге асыратын ұйымдарға, оның ішінде Бірыңғай байланыс орталығына үш жұмыс күні ішінде жібереді.

2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

9. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін занды тұлғалар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті (бұдан әрі – өтініш) және осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес "Занды тұлғалардың, филиалдар мен өкілдіктердің атауын өзектендіру (түзету)" мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде (бұдан әрі – Тізбе) көзделген құжатты Мемлекеттік корпорацияның филиалдары немесе "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы тапсырады.

10. Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде, көрсетілетін қызметті алушы түріне сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағында көзделген тізбеле сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған жағдайда және/немесе қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда Мемлекеттік корпорацияның қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттарды тапсырган кезде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін алған күні мен уақыты көрсетіле отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін өтініш салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

11. Осы Қағидалардың 5, 6 және 7-тармақтарына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініш келіп түсken кезде занды тұлғаларды тіркеу басқармасының (бөлімнің) басшысы 20 минут ішінде орындаушыны айқындайды және орындауға жібереді.

Орындаушы ұсынылған құжаттар топтамасының толықтығын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкестігін тексереді және занды тұлғаның, филиал мен өкілдіктің атауын түзету туралы мәліметтерді ЗТ МДҚ енгізеді.

Тиісті түзетулер енгізілгеннен кейін осы Қағидаларға 3 - қосымшаға сәйкес занды тұлғаның, филиалдың және өкілдіктің атауын өзектендіру (түзету) туралы хабарлама (бұдан әрі – атауды өзектендіру туралы хабарлама) көрсетілетін қызметті берушінің басшылығына келісуге және қол қоюға жіберіледі.

Басшылық занды тұлғаның, филиалдың және өкілдіктің атауын өзектендіруге (түзетуге) қол қойғаннан кейін орындаушы көрсетілетін қызметті берушінің электрондық-цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған портал арқылы қызметті алушының "жеке кабинетіне" не Мемлекеттік корпорацияға атауды өзектендіру туралы хабарламаны жібереді.

12. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер болған кезде осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес занды тұлғаның, филиалдың және өкілдіктің атауын

өзектендіруден (түзетуден) бас тарту туралы хабарлама көрсетілетін қызметті берушінің ЭЦК-мен куәландырылған порталдағы "жеке кабинетке" не Мемлекеттік корпорацияға жіберіледі.

13. Көрсетіletіn қызметті беруші Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуі қамтамасыз етеді.

14. Ақпараттық жүйе істен шыққан жағдайда көрсетіletіn қызметті беруші "электрондық үкімет" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторын (бұдан әрі – оператор) және қызметті алушыны дереу хабардар етеді.

Бұл жағдайда оператор ақпараттық жүйенің істен шығу себептерін айқындау анықтау жөнінде шаралар қабылдайды және 1 (бір) жұмыс күні ішінде техникалық проблема туралы хаттама (акт) жасайды және оған көрсетіletіn қызметті беруші қол қояды.

3-тaraу. Көрсетіletіn қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртіbi

15. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым көрсетіletіn қызметті берушіге және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын лауазымды адамға беріледі.

Көрсетіletіn қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі 91-бабының 4-тармағына сәйкес көрсетіletіn қызметті беруші, әкімшілік актісіне, әкімшілік әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын лауазымды адам, егер ол үш жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын қолайлы әкімшілік акт қабылдаса, әкімшілік әрекет жасаса, шағымды қарайтын органға шағымды жібермеуге құқылы.

Көрсетіletіn қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетіletіn қызметті алушының шағымы Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен көрсетіletіn қызметті алушының шағымы тіркелген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.

"Заңды тұлғалардың, филиалдар
мен өкілдіктердің атауын
өзектендіру (түзету)"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет қагидаларына
1-қосымша

Заңды тұлғаның, филиалдың (өкілдіктің) атауын өзектендіру (түзету) туралы өтініш

1. Заңды тұлғаның, филиалдың (өкілдіктің) БСН
2. Заңды тұлғаның, филиалдың (өкілдіктің) атауын өзектендіру (түзету) үшін негіздеме _____
3. Түзету себебі _____
(өтініш беруші мәтінмен түзетудің себебін не негіздемесін көрсетеді)
4. Заңды тұлғаның, филиал және өкілдіктің атауы
5. Мемлекеттік тілдегі толық атауы (қажет болған жағдайда)
6. Орыс тіліндегі толық атауы (қажет болған жағдайда)
7. Мемлекеттік тілдегі қысқаша атауы (қажет болған жағдайда)
8. Орыс тіліндегі қысқаша атауы (қажет болған жағдайда)
9. Ағылшын тіліндегі толық атауы (қажет болған жағдайда)
10. Ағылшын тіліндегі қысқаша атауы (қажет болған жағдайда)

Отініш берушінің Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) және қолы _____

Ақпараттық жүйедегі заңмен қорғалатын құпияны қамтитын мәліметтерді пайдалануға келісемін _____

20 ____ жылғы "___" _____ (қолы)

Өтінішке: _____
өзектендіруді (түзетуді) жүргізу үшін құжат-негіздеме (қажет болған жағдайда)
қоса беріледі.

"Заңды тұлғалардың, филиалдар
мен өкілдіктердің атауын
өзектендіру (түзету)"

мемлекеттік көрсетілетін
қызмет қағидаларына
2-қосымша

**"Занды тұлғалардың, филиалдар мен өкілдіктердің атауын өзектендіру (түзету)"
мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі**

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы "Занды тұлғалардың, филиалдар мен өкілдіктердің атауын өзектендіру (түзету)"

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	1) Республикалық және өңірлік мәртебесі бар қоғамдық және діни бірлестіктерге, оның ішінде саяси партиялар, шетелдік және халықаралық коммерциялық емес үкіметтік емес бірлестіктердің филиалдары мен өкілдіктеріне катысты Министрлік; 2) Жергілікті мәртебесі бар қоғамдық және діни бірлестіктерге, корлар мен занды тұлғалардың бірлестіктеріне, қоғамдық және діни бірлестіктердің филиалдары мен өкілдіктеріне қатысты аумақтық әділет органдары; 3) Коммерциялық ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға, филиалдар мен өкілдіктерге қатысты "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясының (бұдан әрі-Мемлекеттік корпорация) филиалдары.
2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	Мемлекеттік корпорация және "электрондық үкімет" веб-порталы
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	қажетті құжаттарды коса бере отырып, өтініш берілген күннен кейінгі 1 бір жұмыс күні ішінде
4	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Электронды (ішінара автоматтандырылған)
5	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	Өзектендіру (түзету) туралы не өзектенді-руден (түзетуден) бастарту туралы хабарлама
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Тегін

7

Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің нәтижелерін беру Мемлекеттік корпорацияның филиалдары арқылы дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін үзліссіз, Мемлекеттік корпорацияның халықта қызмет көрсету кезекші бөлімдері Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінде (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес мереке және демалыс күндерінен басқа дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін және сенбі күні сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін жұзеге асырады.

Портал арқылы – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін Кодекске сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жұзеге асырылады).

8

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтер тізбесі

Мемлекеттік корпорация арқылы құжаттарды берген кезде:

- 1) осы Қағидаларға 1-қосымшага сәйкес нысан бойынша өтініш;
- 2) Жеке куәлік немесе оның цифрлық құжаттар сервісінен алынған электрондық құжаты (жеке басын сәйкестендіру үшін).
- 3) Раdstайтын құжат (құрылтай құжаттары, заңды тұлғаның үәкілдті органының шешімі).

Құжаттарды "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы берген кезде:

- 1) ЭЦҚ қуәландырылған осы Қағидаларға 1-қосымшага сәйкес нысан бойынша өтініш;
- 2) Электрондық раdstайтын құжат (құрылтай құжаттары, заңды тұлғаның үәкілдті органының шешімі).

Жеке басты куәландыру және заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу

		(кайта тіркеу) туралы құжаттардың мәліметтерін көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзы арқылы алады.
9	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздемелер	<p>1) Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) шынайы еместігін анықтау;</p> <p>2) Көрсетілетін қызметті алушының "Дербес деректер және оларды корғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, колжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы.</p>
10	Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар	<p>Өз-өзіне қызмет көрсетуді, өздігінен қозғалуды, бағдар жасауды жүзеге асыру кабілетін немесе мүмкіндігін толық немесе жартылай жоғалтқан көрсетілетін қызметті алушыларға мемлекеттік көрсетілетін қызметті беруші құжаттар қабылдауды 1414, 8 800 080 7777 бірыңғай байланыс орталығы арқылы жүргіну жолымен тұратын жеріне бара отырып жүргізеді.</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында – www.gov.kz орналастырылған.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушы ұялы байланыс операторы ұсынған көрсетілетін қызметті алушының абоненттік нөмірін тіркеген және порталдың есептік жазбасына қосқан жағдайда электрондық цифрлық қолтанба немесе бір реттік пароль пайдаланылған жағдайда мемлекеттік қызметті портал арқылы электрондық нысанда алады.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы</p>

ақпаратты қашыктан кол жеткізу режимінде порталдағы "жеке кабинеті", сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алады . Цифрлық құжаттар сервисі мобиЛЬДІК қосымшада және пайдаланушылардың ақпараттық жүйелерінде авторизацияланған субъектілер үшін қолжетімді.

"Занды тұлғалардың, филиалдар
мен өкілдіктердің атауын
өзектендіру (түзету)"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет қағидаларына
3-қосымша

**"Занды тұлғаның, филиалдың және өкілдіктің атауын өзектендіру (түзету) туралы
хабарлама**

Тіркеуші органның атауы _____.

20 __ жылғы " __" №: ___ өтініш бойынша ұсынылған құжаттарды қарап және занды тұлғаның, филиал және өкілдіктің архив ісінің материалдарын зерделеп, занды тұлғаның, филиал және өкілдіктің атауын өзектендіргенін хабарлайды.

Тіркеуші _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы

Басшы _____ М.О. _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

қолы

"Занды тұлғалардың, филиалдар
мен өкілдіктердің атауын
өзектендіру (түзету)"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет қағидаларына
4-қосымша

**"Занды тұлғаның, филиалдың және өкілдіктің атауын өзектендіруден (түзетуден) бас тарту
туралы хабарлама**

Өтініш №: _____ күні _____

Бас тартуға негіз: _____

(дәлелді бас тарту мәтінін көрсетілетін қызметті беруші қалыптастырады)

Аталған құжат "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба
туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 7-бабының 1-тармағына сәйкес қағаз

жеткізгіштегі құжатқа тең.

"Занды тұлға" мемлекеттік дерекқорынан алынған және тиісті тіркеуші органның электрондық-цифрлық қолтаңбасымен қол қойылған деректерді қамтиды.

"Занды тұлғалардың, филиалдар
мен өкілдіктердің атауын
өзектендіру (түзету)"
мемлекеттік көрсетілетін қызмет
қағидаларына
5-қосымша

тегі, аты, әкесінің аты (жеке
басын қуәландыратын
құжаттарда көрсетілсе) не
көрсетілетін қызметті
алушының атауы)

(көрсетілетін қызметті
алушының мекенжайы)

Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 2-тармағын басшылыққа ала отырып, "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы филиалының № __ бөлімі (мекенжайын көрсету) Сіздің мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне сәйкес құжаттардың топтамасын толық ұсынбауызызга және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынуыңызға, атап айтқанда:

Жоқ құжаттардың және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттардың атаулары:

1) _____ ;
2) _____ ;
3) _____ ұсынуыңызға байланысты мемлекеттік
қызметті

" _____ " мемлекеттік қызмет көрсетуге
қойылатын

негізгі талаптардың тізбесіне сәйкес көрсетуге құжаттарды қабылдаудан бас тартады. Осы

қолхат әр
тарапқа бір-біреуден 2 данада жасалды.

(Мемлекеттік корпорация қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты

(жеке басын күәландыратын
құжаттарда көрсетілсе), қолы)

Орындаушы: берушінің аты, әкесінің аты (жеке басын күәландыратын құжаттарда
көрсетілсе), тегі _____ Телефоны _____

Алдым:

берушінің тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын күәландыратын құжаттарда
көрсетілсе),

/көрсетілетін қызметті алушының қолы _____ 20__ жылғы "___" _____

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК